

Мақтаарал аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 15-105-VIII " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Түркістан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 20-133-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 қыркүйекте № 6596-13 болып тіркелді

Мақтаарал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мақтаарал аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 15-105-VIII " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 6525-13 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

7-тармақ 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) жасы бойынша зейнеткерлерге, табысын есепке алусыз шипажайлық-курорттық емделуге – жолдама құнының 100%-ын төлеумен.";

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мақтаарал аудандық мәслихатының төрағасы

К. Сарсекбаев